



ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ 2022

Нұр-Сұлтан, 2021

Ұлттық бірыңғай тестілеу - 2022

«Ұлттық бірыңғай тестілеу – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсуге арналған іріктеу емтихандарының бір нысаны»

*(ҚР «Білім туралы» Заңы
1 б., 56 т.)*

ҰБТ өткізу пункттерінде (ҰБТӨП) "1 тестіленуші – 1 компьютер – 1 камера" қағидаты бойынша электрондық форматта өткізіледі.

Аймақтық тестілеу орталықтарында (АТО) барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, карантиндік шектеулер сақталады

Ұлттық бірыңғай тестілеу - 2022

Түсушілер тестілеу күнін, уақытын және орнын өз бетінше таңдай алады

Бір және бірнеше дұрыс жауабы бар **тест тапсырмалар (ТТ)** қолданылады

Тестілеу нәтижесі тестілеу аяқталған соң бірден беріледі

Апелляцияға *мазмұны бойынша өтініштер* тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде беріледі

* *техникалық себептер бойынша өтініштер* тестілеу барысында беріледі

Ұлттық бірыңғай тестілеу - 2022

2022 жылы ҰБТ форматында қандай өзгерістер болады деп күтілуде?

- 1) Тестілеу "бір тестіленуші – бір компьютер – бір камера" қағидаты бойынша өткізіледі (бұған дейін бір камера). Түсуші тестілеу жүйесіне әрбір кіру және шығу кезінде, компьютерде орнатылған фронтальды камера арқылы адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканері арқылы авторизациялаудан өтеді;
- 2) Тестілеу кезінде электр қуаты ажыратылған жағдайда немесе тестілеу жазбасы жүргізілмейтін басқа да форс-мажорлық жағдайларда, тестілеуді тоқтата тұру және ауыстыру туралы акт жасалады;
- 3) Мүгедек балалар және мүгедектер (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) тестілеуге қосымша 40 минут уақыт беріледі;
- 4) Қазақстан тарихы пәні тест тапсырмаларының құрамына контекст мәндегі тест тапсырмалар енгізілді (2021 жылы олар тек бейіндік пәндерде болды);
- 5) Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобына түсушілер үшін тестілеу ұзақтығы өзгертілді, тестілеу уақыты - 70 минут (бұрын 65 минут);
- 6) Тестілеудің бейнебақылау жазбаларын және іс-қимыл журналын (логтарды) тексеру күнтізбелік жылдың соңына дейін жүзеге асырылады.

ҰБТ-ның мерзімі

ҰБТ жылына 4 рет өткізіледі



Ескертпе: * көрсетілген ҰБТ мерзімдері (қаңтар, маусым) өзгеруі мүмкін

Тестілеудің қатысушылары

ҰБТ_Қаңтар

- мектептің 11 (12) сынып бітірушілері;
- ЖОО-ға академиялық кезеңге қабылданған студенттер (шартты түрде қабылданған);
- ЖОО-да шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары (БББ) тобының студенттері және басқа БББ тобына ауысуға ниет білдірген студенттер;
- ЖОО-да басқа БББ тобында оқып, педагогикалық БББ тобына ауысуға ниет білдірген тұлғалар.

ҰБТ_Наурыз

- мектептің 11 (12) сынып бітірушілері;
- мектептің өткен жылғы бітірушілері мен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері (толық оқу нысаны);
- шетелде білім алған 11 (12) сынып бітірушілері;
- Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдар (диаспора толық оқу нысаны);
- ЖОО-ға академиялық кезеңге қабылданған студенттер (шартты түрде қабылданған).

ҰБТ_Маусым

- мектептің 11 (12) сынып бітірушілері;
- мектептің өткен жылғы бітірушілері мен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері (толық оқу нысаны);
- техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері (қысқартылған оқу нысаны);
- шетелде білім алған 11 (12) сынып бітірушілері;
- ҚР азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдар (диаспора - толық оқу нысаны);
- ҚР азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдар (диаспора - қысқартылған оқу нысаны);
- ЖОО-ға академиялық кезеңге қабылданған студенттер (шартты түрде қабылданған).

ҰБТ_Тамыз

- мектептің 11 (12) сынып бітірушілері;
- мектептің өткен жылғы бітірушілері мен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері (толық оқу нысаны);
- шетелде білім алған 11 (12) сынып бітірушілері;
- ҚР азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдар (диаспора - толық оқу нысаны);
- ЖОО-ға академиялық кезеңге қабылданған студенттер (шартты түрде қабылданған);
- ЖОО-да шығармашылық дайындықты талап ететін БББ тобының студенттері және басқа БББ тобына ауысуға ниет білдірген студенттер;
- ЖОО-да басқа БББ тобында оқып, педагогикалық БББ тобына ауысуға ниет білдірген тұлғалар.

ҰБТ-ҒА ӨТІНІШ БЕРУ

1



АВТОРИЗАЦИЯДАН ӨТУ және жеке кабинетін ашу (электронды поштаның және ЖСН көмегімен <https://app.testcenter.kz/> жүйесінде тіркелу)

2



Дербес деректерді өңдеуге КЕЛІСІМІН БЕРУ және тестілеу кезінде тәртіп сақтау ережелерімен ТАНЫСУ

3



ДЕРЕКТЕР ҰБДҚ-дан алынады (өтініш берушілер ЖСН көрсеткен кезде Т.А.Ә., ұлты, азаматтығы, оқу орны ҰБДҚ-дан таңдалады)

4



ҚОСЫМША ДЕРЕКТЕР (өтініш берушілер ұялы телефон нөмірлерін, халықаралық сертификаттар бойынша деректерді (бар болса), мүгедектігі туралы деректерді (бар болса) толтырады)

5



ТЕСТІЛЕУ ДЕРЕКТЕРІ (өтініш берушілер тестілеу тапсыру тілін, бейіндік пәндерді, тестілеу тапсыру орындары мен уақытын таңдайды)

6



ТӨЛЕМ, тестілеу құны - 5640 теңге (төлем 1 сағаттың ішінде жасалуы тиіс)

7



Барлық мәліметтер өтініш берушінің жеке кабинетінде қолжетімді болады

Өтініштерді ҰТО сайтындағы жеке кабинет арқылы онлайн режимде беру жүзеге асырылады

Тестіленушінің назарына:

- * тіркелуден алдын Ереже және нұсқаулықпен танысу;
- * өтініш берген соң логин және құпия сөзді сақтап алу

Ескерту: мүгедек балалар және мүгедектер (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) мүгедектікті белгілеу туралы құжаты бар болған жағдайда құжатты ҰБТ-ға өтініш беру бағдарламалық жасақтамасына жүктейді

ҰБТ-ның форматы - 2022

15 ТЕСТ
ТАПСЫРМАСЫ

- ҚАЗАҚСТАН
ТАРИХЫ

- МАТЕМАТИКАЛЫҚ
САУАТТЫЛЫҚ

БАРЛЫҒЫ

20 ТЕСТ
ТАПСЫРМАСЫ

- ОҚУ
САУАТТЫЛЫҒЫ

ТЕСТ
ТАПСЫРМАЛАР **120**

35 ТЕСТ
ТАПСЫРМАСЫ

- 1-ШІ БЕЙІНДІК
ПӘН

- 2-ШІ БЕЙІНДІК
ПӘН

БАЛЛ **140**

Тестілеу тапсырмаларының нысаны

Пәндер	Тапсырмалар	Тапсырмалар нысаны
Қазақстан тарихы	1 - 10	ұсынылған бес жауаптан бір дұрыс жауапты таңдау
	11 - 15	ұсынылған бес жауаптан бір дұрыс жауапты таңдау (контекс негізінде)
Математикалық сауаттылық Оқу сауаттылығы	Барлық тапсырмалар	ұсынылған бес жауаптан бір дұрыс жауапты таңдау
Әр бейіндік пән (2 пән)	с 1 по 20	ұсынылған бес жауаптан бір дұрыс жауапты таңдау
	с 21 по 25	ұсынылған бес жауаптан бір дұрыс жауапты таңдау (контекс негізінде)
	с 26 по 35	Ұсынылған көп жауаптан бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау

Ұлттық бірыңғай тестілеу - 2022

Контексті тапсырмалар

Контекст – бұл проблемалық жағдаяттағы сұрақтың (тапсырманың) шешімдеріне сілтеме жасалатын тақырып аясы.

Контекст тұтас және тұтас емес мәтін түрінде (сурет, график, кесте, диаграмма, инфографика және т.б.) түрінде болуы мүмкін.

Контекст негізіндегі тапсырмалар пән бойынша терең білімді (меңгерудің жоғары деңгейі), контекстті оқу мен түсіну, контекст мазмұны бойынша рефлексия жасау, салыстыру мен талдау және т.б. кең көлемдегі дағдылар мен біліктерді бағалайды.

Қазақстан тарихы бойынша контекст негізіндегі тест тапсырмаларының үлгісі

ҒҰНДАР



Аммиан Марцеллин ғұндар туралы

Ғұндар күндіз түні аттан түспейді, сауда-саттығын да ат үстінде жүріп жасайды. Олар елеулі істер жайында кеңесуіне тура келгенде, олар мәслихатты да ат үстінде отырып жүргізеді. Ғұндар киіз үйлермен көшіп, өмірін сонда өткізеді.

Прииск ғұндар туралы

«Сарай шеберлікпен өңделген бөренелер мен тақтайшалардан салынып, әсем безендірілген. Биік мұнаралар патша сарайының сәнін келтіріп тұр». «олар соғыстан кейін тыныш әрі қамсыз тіршілік етеді, әркім қолында барымен қанағат етеді».

Ежелгі ғұндар мен юэчжилер туралы қытай деректері

Б.з.д. I мыңжылдықтың басында Орталық Азияны мекендеген тайпалар жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, скифтік мәдениетке ұқсас мәдениетті игеріп, арбалы көлікпен көшіп-қонып жүрді. Ежелгі Қытай жазбаларында Қытайдың солтүстік шығыс жағын мекендеген жундер (цяндар) туралы айтылады.

Б.з.д. V ғасырдың соңында бұрынғы жундердің орнына Орталық Азияда көшпенділердің күшті бірлестігі – ғұндар (қытайша "сюнну") мен юэчжилер пайда болды. Юэчжилер – шығыс скиф (сақ) тайпаларына жатады. Б.з.д. IV ғасырда қытайлықтар өздерінің қарсыластарының арасында ғұндарды алғаш рет атайды.

1. Ғұндар туралы деректер кездеседі
A) Грек тарихшыларының мәліметтерінде
B) Рим тарихшыларының жазбаларында
C) Көне үнді жазбаларында
D) Орыс жылнамаларында
E) Көне парсы деректерінде

2. Ғұндар бірлестігі құрылған аймақ
A) Алтайдан Тынық мұхитына дейін
B) Тибеттен Қытайға дейін
C) Мауереннахрдан Парсы шығынағына дейін
D) Каспийден Қара теңізге дейін
E) Қашғардан Кіші Азияға дейін

3. Прииск пен А.Марцеллиннің деректеріндегі айырмашылық:

- A) Діни нанымдарына байланысты деректер беріледі
- B) Орналасу аумағына байланысты мәліметтер келтіреді
- C) Әскери өнеріне байланысты жетістіктерді анықтайды
- D) Тұрмыс-тіршілігіне байланысты екі түрлі деректер беріледі
- E) Қоғамдық құрылысына байланысты екі түрлі мәліметтер айқындалады

4. Ғұндар жорығының тарихи маңызы

- A) Еуропаны Рим үстемдігінен құтқаруға әсер етті
- B) Мал шаруашылығының таралуына ықпал етті
- C) Құлдық қоғамның орнауына әсер етті
- D) Кресшілердің Азияға жорығын тоқтатты
- E) Ислам дінінің Батысқа таралуына ықпал етті

5. Мәтін бойынша дұрыс дәйектерді анықтаңыз

- I. Ғұндар империясы Манчжуриядан Босфорға дейін үстемдік етті
- II. Орталық Азияны жаулап алғаннан кейін Ұлы Жібек жолының едәуір бөлігіне ие болды
- III. Ғұндармен юэчжилер арасындағы соғыс ұзаққа созылды
- IV. Б.з. IV ғасырда ғұндар Орталық Қазақстанда Юэбань мемлекетін құрды
- V. Ғұндар жорығы өзге тайпалардың қозғалысына әсер етті
- VI. Ғұндардың жеңу себептері әскери-техникалық басымдылығына байланысты

- A) III, V, VI
- B) V, II, III
- C) III, IV, I
- D) I, II, IV
- E) I, IV, V

Тестілеудің уақыты мен үзілістер

	ҰБТ форматы	Тестілеу уақыты	Үзілістер
1	5 пән/ Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы және екі бейіндік пән	240 минут	✓ 60 минуттан кейін (1 сағат) – 3 мин. ✓ 120 минуттан кейін (2 сағат) – 2 мин. ✓ 180 минуттан кейін (3 сағат) – 3 мин.
2	2 пән/ Қазақстан тарихы мен оқу сауаттылығы (шығармашылық)	70 минут	үзіліссіз
3	4 пән (IELTS және басқа да халықаралық сертификаттар)	240 минут	✓ 60 минуттан кейін (1 сағат) – 3 мин. ✓ 120 минуттан кейін (2 сағат) – 2 мин. ✓ 180 минуттан кейін (3 сағат) – 3 мин.
4	2 пән (жалпы кәсіптік және арнайы пән)	120 минут	60 минуттан кейін (1 сағат) – 2 мин.
5	1 пән/ арнайы пән (шығармашылық)	80 минут	үзіліссіз
6	1 пән/ жалпы кәсіптік пән (IELTS және басқа да халықаралық сертификаттар)	120 минут	60 минуттан кейін (1 сағат) – 2 мин.
7	2 бейіндік пән	130 минут	60 минуттан кейін (1 сағат) – 2 мин.
8	1 бейіндік пән (IELTS және басқа да халықаралық сертификаттар)	130 минут	60 минуттан кейін (1 сағат) – 2 мин.

Ескерту: 1) Мүгедек балалар мен мүгедектер үшін (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) тестілеуге қосымша 40 минут уақыт беріледі;

2) Мазмұны бойынша апелляцияға 30 минут беріледі.

Тестілеуге кіргізу

биометрик Face ID



- АТО-да тестіленушілер бір-бірден жіберіледі,
- жеке басын көлемді-кеңістіктік нысандағы сканер арқылы (Face ID) сәйкестендіріліп кіргізіледі
- жеке басын куәландыратын құжат негізінде сәйкестендіріліп кіргізіледі

Өзімен бірге болуы тиіс:

- жеке басын куәландыратын құжат
- 16 жасқа толмаған және жеке басын куәландыратын құжаты жоқ тестіленушілер білім беру ұйымының бірінші басшының қолымен және мөрімен расталған білім беру ұйымынан анықтама және туу туралы куәлік болуы тиіс.



- Тестілеу барысында өз орнына "бөтен тұлғаны" кіргізуге талпынған түсушілерге ағымдағы жылғы ҰБТ тапсыруға рұқсат етілмейді
- Металл іздегішпен тексеру аймағында тыйым салынған заттар табылған жағдайда акт жасалады және түсуші тестілеуге жіберілмейді



Ұлттық бірыңғай тестілеу

Тестілеуге алып өтуге тыйым салынған заттар:


 ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС ҚҰРАЛДАРЫН (ПЕЙДЖЕР, ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОНДАР, ПЛАНШЕТТЕР)

 НОУТБУКТЕР, ПЛЕЙЕРЛЕР, МОДЕМДЕР (МОБИЛЬДІ РОУТЕРЛЕР)

 РАДИО-ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ КЕЗ-КЕЛГЕН ТҮРЛЕРІ (WI-FI, BLUETOOTH, DECT, 3G, 4G, 5G)

 СЫМДЫ ЖӘНЕ СЫМСЫЗ ҚҰЛАҚҚАПТАР МЕН Т.Б.

 ШПАРГАЛКАЛАР, ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ӘДЕБИЕТТЕР, МЕНДЕЛЕЕВ КЕСТЕСІ ЖӘНЕ ТҰЗДАРДЫҢ ЕРІГІШТІГІ КЕСТЕСІ

 КАЛЬКУЛЯТОРЛАР
(Бұл ретте тестілеу өткізілетін компьютердің интерфейсіндегі калькуляторларды, Менделеев кестесін және тұздардың ерігіштігі кестесін пайдалануға рұқсат етіледі)

Ұлттық бірыңғай тестілеу - 2022

Түсушіге рұқсат етілмейді:

- ✓ аудиториядан (компьютерлік сыныптан) дәліз кезекшісінің функциясын атқаратын тестілеу администраторының рұқсатынсыз және алып жүруінсіз шығуға;
- ✓ аудиториядан (компьютерлік сыныптан) 10 минуттан артық шығуға;
- ✓ сөйлесуге, орын ауыстыруға;
- ✓ құжаттармен және түсушіге жұмыс үшін берілген А4 форматындағы парағымен алмасуға;
- ✓ ғимаратқа және аудиторияға (компьютерлік сыныпқа) оқу-әдістемелік әдебиеттерді, Менделеев кестесін және тұздардың ерігіштігі кестесін, калькулятор, фотоаппарат, ақпараттарды тасымалдау функциясымен жабдықталған кез келген ұялы байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), рациялар, ноутбуктер, плейерлер, модемдер (мобильді роутерлер), смарт сағаттар, сымды және сымсыз құлаққаптар және басқа да микроқұлаққаптар), сымсыз бейнекамераларды, GPS (ДжиПиЭс) навигаторларды, GPS (ДжиПиЭс) трекерлерді, қашықтан басқару құрылғыларын, сондай-ақ келесі стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғыларын: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект) және тағы басқалар, шпаргалкаларды алып кіруіне және қолдануына рұқсат етілмейді;
- ✓ тестілеу алдында немесе тестілеу кезінде шулауға;
- ✓ тестілеу басталар алдында берілген А4 форматындағы қағаздарын өзімен бірге алып кетуге;
- ✓ тестілеу тапсырмаларының мазмұнын талқылауға және жария етуге;
- ✓ тестілеуге пайдаланылатын техникаға және қауіпсіздік жүйесіне қасақана зиян келтіруге;
- ✓ тестілеу жүйесіне араласу әрекетіне және тестілеуден өтуге байланысты өзге де бұзушылықтарға рұқсат етілмейді.

Ұлттық бірыңғай тестілеу - 2022

Республика бойынша жоспарланған АТО-лар саны - 43




Ұлттық бірыңғай тестілеу - 2022

САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ НОРМАЛАРДЫ ҚАТАҢ САҚТАУ



ҰБТ ӨТКІЗУ ПУНКТИНІҢ
АУМАҒЫНДА АТА-АНАЛАРДЫҢ,
МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЖӘНЕ БАСҚА ДА
АДАМДАРДЫҢ ШОҒЫРЛАНУЫНА
ЖОЛ БЕРМЕУ



ҰБТ-ДА КІРГІЗУ 1 МЕТР ҚАШЫҚТЫҚТЫ
САҚТАЙ ОТЫРЫП, КЕЗЕК БОЙЫНША
БАРРИКАДАЛЫҚ ЛЕНТАЛАР АРҚЫЛЫ
ЖҮРГІЗІЛЕДІ



ТЕСТЛЕНУШІЛЕРДІҢ АРАСЫНДАҒЫ
ҚАШЫҚТЫҚ КЕМІНДЕ 1 МЕТР

Ұлттық бірыңғай тестілеу - 2022

КОРОНАВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯНЫҢ ТАРАЛУ ҚАУПІН АЗАЙТУ ШАРАЛАРЫ



Ұлттық бірыңғай тестілеу - 2022

ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАЛУ ҮШІН ТЕГІН ОНЛАЙН-САБАҚТАР

- Өткен жылғы бастаманы жалғастыру мақсатында 2021 жылдың 8 желтоқсанынан бастап Ұлттық тестілеу орталығы білім беру орталықтарымен бірлесіп, тікелей эфирде әрбір пән бойынша ҰБТ-ға дайындалу үшін тегін онлайн-сабақтар өткізуде.



- 2020 жылы** LIVE режимінде 2 білім беру орталығы ("QAZBILIM", "EduCon") 1000-нан астам адамды қамти отырып, 376 эфир (22 560 минут) өткізді.
- 2021 жылы** LIVE режимінде 6 білім беру орталығы 200-ден астам адамды қамти отырып, 27 эфир (1650 минут) өткізді. Ағымдағы жылғы 23 желтоқсандағы жағдайы бойынша қаралымдар саны 26 000 құрады.
- Онлайн сабақтар білім беру орталықтарының Youtube каналында өткізіледі, барлық сабақтар сақталады, сонымен қатар тікелей эфир кезінде сұрақ қою мүмкіндігі бар. Апта сайын онлайн сабақтар кестесі жасалады, сондай-ақ күн сайын ҰТО және білім беру орталықтарының әлеуметтік желілерінде хабарландырулар жарияланады.

Ұлттық бірыңғай тестілеудің бейіндік пәндері көрсетілген ББТ топтарының тізбесі

Дайындау бағытының атауы және нөмірі	Білім беру бағдарламалары тобы	Бейіндік пәндер	
		1 бейіндік пән	2 бейіндік пән
B001	Педагогика және психология	Биология	География
B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Биология	География
B003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Биология	География
B004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
B006	Музыка мұғалімдерін даярлау	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
B007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
B008	Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау	Дүниежүзі тарихы	География
B009	Математика мұғалімдерін даярлау	Математика	Физика
B010	Физика мұғалімдерін даярлау	Физика	Математика
B011	Информатика мұғалімдерін даярлау	Математика	Физика
B012	Химия мұғалімдерін даярлау	Химия	Биология
B013	Биология мұғалімдерін даярлау	Биология	Химия
B014	География мұғалімдерін даярлау	География	Дүниежүзі тарихы
B015	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау	Дүниежүзі тарихы	География
B016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	Қазақ тілі	Қазақ әдебиеті
B017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	Орыс тілі	Орыс әдебиеті
B018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау	Шетел тілі	Дүниежүзі тарихы
B019	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау	Биология	География
B020	Арнайы педагогика	Биология	География

Ұлттық бірыңғай тестілеудің бейіндік пәндері көрсетілген ББТ топтарының тізбесі

Дайындау бағытының атауы және нөмірі	Білім беру бағдарламалары тобы	Бейіндік пәндер	
		1 бейіндік пән	2 бейіндік пән
B021	Орындаушылық өнер	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
B022	Музыкатану	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
B023	Режиссура, арт-менеджмент	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
B024	Өнертану	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
B025	Дирижирлеу	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
B026	Композиция	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
B027	Театр өнері	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
B028	Хореография	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
B029	Аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндіріс	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
B030	Бейнелеу өнері	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
B031	Сән, дизайн	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
B032	Философия және этика	Дүниежүзі тарихы	География
B033	Дінтану және теология	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
B034	Тарих және археология	Дүниежүзі тарихы	География
B035	Түркітану және шығыстану	Дүниежүзі тарихы	Шетел тілі
B036	Аударма ісі	Шетел тілі	Дүниежүзі тарихы
B037	Филология	Қазақ/Орыс тілі	Қазақ/Орыс әдебиеті
B038	Әлеуметтану	Математика	География
B039	Мәдениеттану	Дүниежүзі тарихы	Шетел тілі
B040	Саясаттану	Дүниежүзі тарихы	Шетел тілі

Ұлттық бірыңғай тестілеудің бейіндік пәндері көрсетілген ББТ топтарының тізбесі

Дайындау бағытының атауы және нөмірі	Білім беру бағдарламалары тобы	Бейіндік пәндер	
		1 бейіндік пән	2 бейіндік пән
B140	Халықаралық қатынастар және дипломатия	Дүниежүзі тарихы	Шетел тілі
B041	Психология	Биология	География
B042	Журналистика және репортер ісі	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
B043	Кітапхана ісі, ақпараттарды өңдеу және мұрағат ісі	Қазақ/Орыс тілі	Қазақ/Орыс әдебиеті
B044	Менеджмент және басқару	Математика	География
B045	Аудит және салық салу	Математика	География
B046	Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі	Математика	География
B047	Маркетинг және жарнама	Математика	География
B048	Еңбек дағдылары	Математика	География
B049	Құқық	Дүниежүзі тарихы	Құқық негіздері
B050	Биологиялық және сабақтас ғылымдар	Биология	Химия
B051	Қоршаған орта	Биология	География
B052	Жер туралы ғылым	Математика	География
B053	Химия	Химия	Биология
B054	Физика	Физика	Математика
B055	Математика және статистика	Математика	Физика
B056	Механика	Математика	Физика
B057	Ақпараттық технологиялар	Математика	Физика
B058	Ақпараттық қауіпсіздік	Математика	Физика
B059	Коммуникациялар және коммуникациялық технологиялар	Математика	Физика
B060	Химиялық инженерия және процестер	Химия	Физика

Ұлттық бірыңғай тестілеудің бейіндік пәндері көрсетілген ББТ топтарының тізбесі

Дайындау бағытының атауы және нөмірі	Білім беру бағдарламалары тобы	Бейіндік пәндер	
		1 бейіндік пән	2 бейіндік пән
B061	Материалтану және технологиялар	Математика	Физика
B062	Электр техникасы және энергетика	Математика	Физика
B063	Электр техникасы және автоматтандыру	Математика	Физика
B064	Механика және металл өңдеу	Математика	Физика
B065	Автокөлік құралдары	Математика	Физика
B165	Магистральды желілер және инфрақұрылым	Математика	Физика
B066	Теңіз көлігі және технологиялары	Математика	Физика
B166	Көліктік имараттар	Математика	Физика
B067	Әуе көлігі және технологиялары	Математика	Физика
B167	Ұшу аппараттары мен қозғалтқыштарды ұшуда пайдалану	Математика	Физика
B068	Азық-түлік өнімдерінің өндірісі	Биология	Химия
B069	Материалдар өндірісі (шыны, қағаз, пластик, ағаш)	Математика	Физика
B070	Тоқыма: киім, аяқ киім және былғары бұйымдары	Математика	Физика
B071	Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру	Математика	Физика
B072	Фармацевтикалық өндіріс технологиясы	Химия	Биология
B073	Сәулет	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
B074	Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс	Математика	Физика
B075	Кадастр және жерге орналастыру	Математика	География
B076	Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша)	Математика	Физика
B077	Өсімдік шаруашылығы	Биология	Химия

Ұлттық бірыңғай тестілеудің бейіндік пәндері көрсетілген ББТ топтарының тізбесі

Дайындау бағытының атауы және нөмірі	Білім беру бағдарламалары тобы	Бейіндік пәндер	
		1 бейіндік пән	2 бейіндік пән
В078	Мал шаруашылығы	Биология	Химия
В079	Орман шаруашылығы	Биология	География
В080	Балық шаруашылығы	Биология	Химия
В081	Жерге орналастыру	Математика	Физика
В183	Агроинженерия	Математика	Физика
В082	Су ресурстары және суды пайдалану	Математика	Физика
В083	Ветеринария	Биология	Химия
В084	Мейіргер ісі	Биология	Химия
В085	Фармация	Биология	Химия
В086	Жалпы медицина	Биология	Химия
В087	Стоматология	Биология	Химия
В088	Педиатрия	Биология	Химия
В089	Қоғамдық денсаулық сақтау	Биология	Химия
В090	Әлеуметтік жұмыс	Биология	География
В091	Туризм	География	Шетел тілі
В092	Тынығу	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
В093	Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі	География	Шетел тілі
В094	Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар	Математика	Физика
В095	Көлік қызметтері	Математика	География
В096	Құқық қорғау қызметі	Дүниежүзі тарихы	Құқық негіздері
В097	Өрт қауіпсіздігі	Математика	Физика

Ұлттық бірыңғай тестілеу - 2022

ҰБТ сұрақтары бойынша интернет-ресурстар



<http://testcenter.kz/>



<https://www.facebook.com/testcenterkz>



<https://www.instagram.com/testcenterkz>



<https://vk.com/testcenterkz>



www.youtube.com/channel/UCzmZOObVJTezesGyIEKw6h-Q